

АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2023

ҚҰҚЫҚ (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнеткерлік заңнамалар)

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда бес тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 15 балл	23 – 30 минут
2-тапсырма, 15 балл	22 – 30 минут
3-тапсырма, 10 балл	15 – 20 минут
4-тапсырма, 60 балл	<u>90 – 100 минут</u>

Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. Рұқсат алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (15 балл)

Тапсырыс беруші компания мемлекеттік сатып алу шеңберінде мердігер компаниямен мердігерлік шарт (мердігерлік шарт) жасасты. Мердігерлік шартпен 12 000 000 теңге мердігерлік шарт сомасынан 50% аванс төлеу, сондай-ақ мердігердің жұмыстарды шартта белгіленген мерзімде орындау міндеттемелерін қамтамасыз етуді міндетті түрде ұсыну көзделген. Мердігер тапсырыс берушіден алынған аванс сомасына сақтандыру шартын ұсынды және жұмыстарды орындауға кірісті. Жұмыстарды орындау барысында мердігер жұмыс нәтижелерін тапсыруды бірнеше рет кешіктірді, нәтижесінде орындауды кешіктірген бір жылдан кейін Тапсырыс беруші сақтандыру компаниясына сақтандыру төлемін алу үшін жүгінді. Сақтандыру ұйымы сақтандыру шарты бойынша Тапсырыс беруші пайда алушы ретінде кейінге қалдыру шарттарын орындамағанын, атап айтқанда, сақтандыру компаниясы мен мердігердің сақтандыру шартының даналарын көрсете отырып, сақтандырылған мердігерді дәрменсіз деп тану үшін сотқа жүгінбегенін айтып, төлемнен бас тартты. Тапсырыс беруші сақтандыру шартының өз данасында мұндай талаптарды таппады және сақтандыру ұйымымен келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтандыру омбудсменіне жүгінді. Сақтандыру омбудсмені Тапсырыс берушіге оның сақтандыру компаниясымен келіспеушілігін реттеуден бас тартты.

Тапсырыс беруші компания экономикалық сотқа жүгінді, онда сақтандыру ұйымы мен мердігер компанияның ерекше қатынастармен байланысты болғаны және бастапқы уағдаластық бойынша сақтандыру шартының өз даналарына жалған жасау арқылы пайда алушы үшін көрінеу тиімсіз болып табылатын кейінге қалдыру талаптарын енгізумен өзгерістер енгізгені анықталды.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

1.1. Ұсынылғандардың ішінен сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандырылған сақтандыру класын таңдаңыз.

- а) Кепілдіктер мен кепілгерліктерді;
- б) Басқа қаржылық шығындардан;
- в) Кәсіби жауапкершілікті;
- г) Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті.

1.2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметкерінің басшы лауазымына тағайындау (сайлау) мақсаттары үшін мінсіз іскерлік бедел ұғымына не жатады?

- а) Кәсібилікті, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың жоқтығын растайтын фактілердің болуы;
- б) Кәсіпкерлік қызметте басшы қызметкер лауазымын атқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы;
- в) Азаматтық айналымға қатысушылардың іскерлік және кәсіби қасиеттерін, оның іскерлік мінез-құлқын оң бағалау;
- г) Беделін бағалау кезінде уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері лауазымына үміткердің, егер керісінше куәлік болмаса, мінсіз іскерлік беделге ие екендігіне негізделеді.

1.3. Тапсырманың шарттарынан сақтандыру ұйымы мен сақтанушы (мердігер компания) ерекше қатынастармен байланысты екендігі белгілі. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде сотқа олардың арасында ерекше қатынастардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік беретін аталған Тараптар арасындағы өзара байланыс нұсқасын (түрін) таңдаңыз.

- а) Сақтандыру ұйымының ірі қатысушысының лауазымды тұлғасының жұбайы сақтанушының бас бухгалтері болып табылады;
- б) Сақтанушының бірінші басшысы бұрын сақтандыру ұйымының басқарма мүшесі болған және сақтандыру ұйымы онымен еңбек қатынастарын тоқтатқан сәттен бастап қатарынан он екі ай мерзім аяқталмаған;

- в) Сақтандыру ұйымы несие желісін ашу туралы шартқа байланысты мемлекеттік сатып алу бойынша сақтандыру шарттарын жасасу бөлігінде сақтанушының шешімдерін белгілеуге құқығы бар банктің еншілес ұйымы болып табылады;
- г) Сақтандыру ұйымы филиалының бас бухгалтерінің жақын туысы сақтанушының бірінші басшысы болып табылады.

1.4. Төменде көрсетілген есептердің қайсысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептілік тізбесіне ЖАТПАЙДЫ?

- а) «Кері РЕПО» немесе «тікелей РЕПО» операциялары туралы есеп;
- б) Ақша қаражаттары мен банктік қарыздар туралы есеп;
- в) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есеп;
- г) Болжамды шығындардың құны бойынша есеп.

1.5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушының инвестицияларға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқармаға қабылданған активтер есебінен сатып алынған инвестициялық қоржынның құрылымы туралы есепті электрондық форматта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қандай мерзімде ұсынуы тиіс?

- а) Ай сайын, 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
- б) Тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде;
- в) Ай сайын, 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;
- г) Тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

1.6. Тапсырыс беруші Компания сот барысында сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастарда тұрған тұлғамен сақтандыру шарты жасалған кезең үшін сақтандыру ұйымына айлық қаржылық есептілікті ұсынуға өтініш берді. Тапсырыс беруші компанияның пікірінше, сақтандыру шартына жеңілдетілген шарттар постфактум жалған жасау арқылы қосылды және ай сайынғы есептілікте жеңілдік шарттарын көрсетпеу бұл фактіні растайды. Сақтандыру ұйымы сақтау ережелеріне сілтеме жасай отырып, айлық есептілікті ұсынадан бас тартты, ол ережелер бойынша айлық есептілік тек бір жыл бойы сақталады және ағымдағы сәтте сұрату сәтінде сақтау мерзімінің аяқталуына байланысты жоқ. Сақтандыру ұйымының қарсылықтары заңды ма және неге?

- а) Заңсыз, себебі шоғырландырылған және жекелеген айлық қаржылық есептілік 3 жыл сақталуы тиіс;
- б) Заңсыз, себебі шоғырландырылған және жекелеген айлық қаржылық есептілік 5 жыл сақталуы тиіс;
- в) Заңдыз, себебі шоғырландырылған және жекелеген айлық қаржылық есептілік 1 жылдан кем болмайтын мерзім бойы сақталуы тиіс;
- г) Заңдыз, себебі шоғырландырылған және жекелеген айлық қаржылық есептілік 1 жыл бойы сақталуы тиіс.

1.7. Сот барысында тапсырыс беруші компания сақтандыру ұйымының қызметіне қатысты міндетті актуарлық қорытынды берген актуарийді қорытындыда сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізбесі болмағаны үшін жауапкершілікке тартуды талап етті. Тапсырыс беруші компанияның мұндай талабы заңды ма және сот процесінде қолданыла ма және неге?

- а) заңды және қолдануға келеді, себебі сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле жасау туралы шешім актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің қорытындысы негізінде қабылданады;
- б) заңды, бірақ сот барысында қолданылмайды, себебі міндетті актуарлық қорытынды уәкілетті органға беріледі және сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәмілеге қатысатын өзге тұлғаларға қолжетімді болмайды;

- в) заңды, бірақ сот барысында қолданылмайды, себебі міндетті актуарлық қорытынды есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізбесін қамтиды және даулы сақтандыру шартын жасасу кезеңін қамтымайды;
- г) Заңсыз және қолданылмайды, себебі сақтандыру ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізбесі міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына жатпайды.

1.8. Сот барысында сақтандыру ұйымы сақтандыру шарттарының даналарының мәтініндегі айырмашылықтар пайда алушының тарапынан болған жалған жасаумен туындады деп мәлімдеді. Сот сараптама тағайындады, ол сақтандыру ұйымы мен сақтанушының тарапынан жалған жасаудың болуын анықтады. Сақтандыру ұйымының қызметкерлері құжаттардың жалған жасалуын ішкі аудит мақсаттары үшін тәуекелдің қай түріне жатқызатынын сипаттайтын опцияны таңдаңыз.

- а) Өтімділікті жоғалту қаупі;
- б) Қаржылық тәуекел;
- в) Операциялық тәуекел;
- г) Беделдік тәуекел.

1.9. Тапсырыс беруші компания сонымен қатар сот барысында сақтандыру ұйымының жылдық қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлық есеп беру туралы өтініш берді, сақтандыру ұйымы коммерциялық құпияға сілтеме жасай отырып, мұндай сұрауға қарсылық білдірді. Сақтандыру ұйымының қарсылығы заңды ма және сот барысында қолданыла ма және неге?

- а) Заңды, бірақ сот барысында қолданылмайды. Жылдық аудиторлық есептің мазмұны коммерциялық құпия болғанын қарамастан, сақтандыру ұйымы сот шешімі бойынша шешім қабылдауға әсер ететін коммерциялық құпияны ашуға міндетті;
- б) Заңды және қолдануға келеді. Жылдық аудиторлық есептің мазмұны коммерциялық құпия болып табылады, бірақ бұл ретте әрбір жеке мәміле бойынша ақпаратты ашпай-ақ жиынтық ақпаратты ғана қамтиды, сондықтан сот шешім қабылдауға мәні бойынша ықпалы бар ақпараттың болмауына байланысты коммерциялық құпияны жария ету туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуға міндетті;
- в) Заңсыз және қолдануға келмейді. Аудиторлық есептің мазмұны коммерциялық құпия болып табылмайды және оларда ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын тәуелсіз аудиторлық растағаннан және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жылдық жиналысы жылдық қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін мүдделі тұлғаның сұратуы бойынша ашуға жатады;
- г) Заңсыз және қолдануға келмейді. Аудиторлық есептің мазмұны коммерциялық құпия болып табылмайды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жылдық жиналысы жылдық қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін жалпы қолжетімділікте жариялануы тиіс.

1.10. Тапсырыс беруші компания сақтандыру қызметі туралы мәліметтер базасынан сақтандыру есебін сұрады. Жәбірленуші пайда алушының өз құқықтарын іске асыру мақсатында Тапсырыс беруші компанияның сұратуы үшін қолжетімді сақтандыру есебінің қолжетімділік деңгейі мен түрін тізбеден таңдаңыз.

- а) Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) туралы қол жетімділігі шектеулі сақтандыру есебі;
- б) Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) туралы қол жетімділігі стандартты сақтандыру есебі;
- в) Сақтандыру ұйымы туралы қол жетімділігі шектеулі сақтандыру есебі;
- г) Сақтандыру ұйымы туралы қол жетімділігі стандартты сақтандыру есебі.

1.11. Ұсынылған нұсқалардың арасынан электрондық жабдыққа, дерекқордың сақталуына және үй-жайларға қойылатын ең төменгі талаптардың бірі БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫНЫН таңдаңыз.

- а) Пайдаланушының дербес компьютерінің жүйелік блогын жауапты тұлға мөрлейді немесе пломбалайды. Қажет болған жағдайда жүйелік блокқа қол жеткізу жауапты тұлғаның қатысуымен жүзеге асырылады. Жұмыс аяқталғаннан кейін жүйелік блокқа жауапты тұлға мөр басады немесе пломбалайды;

- б) Пайдаланушының дербес компьютерін пайдалануға және оған сақтандыру есептерін қалыптастыру мен пайдаланудың ақпараттық жүйесіне қатысу шеңберінде электрондық құжаттарды дайындау, өңдеу, беру немесе жүргізу мақсаттарына байланысты емес бағдарламалық құралдарды орнатуға жол берілмейді;
- в) Деректер қорын пайдаланушылар мен Ұйым арасында ақпарат алмасу Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін арнайы автоматтандырылған жүйе арқылы жүзеге асырылады;
- г) Криптографиялық қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді және бақылауды криптографиялық қорғаудың бағдарламалық құралдарын есепке алуды, сақтауды және сүйемелдеуді орындайтын жауапты тұлға жүргізеді.

1.12. Сақтандыру омбудсменінің тапсырыс беруші компания мен сақтандыру ұйымы арасындағы келіспеушіліктерді шешуден бас тартуы заңды болды ма және неге?

- а) Заңды, себебі Тапсырыс беруші компания жеке тұлға және/немесе шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайды және сол себептен сақтандыру омбудсменіне автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру класы (түрі) бойынша ғана жүгінуге құқылы. Бұл ретте талаптардың сомасы айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен аспауы тиіс;
- б) Заңсыз, себебі Сақтандыру омбудсменінің сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) мен сақтандыру ұйымы арасындағы мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру жататын міндетті сақтандыру мәселелері бойынша келіспеушіліктерді реттеуге құқығы бар. Бұл ретте талаптардың сомасы айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен аспауы тиіс;
- в) Заңсыз, себебі Сақтандыру омбудсмені, егер сақтандыру талаптарының сомасы айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда, жеке тұлға және/немесе шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) мен сақтандыру ұйымы арасындағы келіспеушіліктерді реттеуге уәкілетті. Талаптардың сомасы 12 000 000 теңге 2023 жылы айлық есептік көрсеткіштің 14 778 еселенген мөлшерін құрайды;
- г) Заңды, себебі сақтандыру шарттары бойынша сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандыру ұйымы арасындағы келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтандыру омбудсменіне жүгіну үшін ескіру мерзімі сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап немесе сақтандыру жағдайының басталуы анықталған күннен бастап есептелетін бір жылды құрайды. Ескіру мерзімі өткеннен кейін құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігі жоққа шығарылады, бұл ретте сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) дауды қарау үшін сотқа жүгінуге құқылы, себебі талап қоюдың жалпы азаматтық-құқықтық мерзімі - үш жыл сақталады.

1.13. Тапсырыс беруші Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын өрескел бұза отырып, қызметті жүзеге асыру негізінде сақтандыру ұйымының сақтандыру шартын жасасу жөніндегі әрекеттері, сақтандыру төлемінен заңсыз бас тартуы және ерекше қатынастары бар адаммен жеңілдікті шарттармен мәмілені заңсыз жасасуы үшін соттан сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратуды тағайындауды талап етті. Тапсырыс беруші компанияның талаптары заңды ма және неге?

- а) Заңды, бірақ уәкілетті органның рұқсаты түріндегі кейінге қалдыру шартымен;
- б) Заңды, бірақ сақтандыру портфелін беру түріндегі кейінге қалдыру шартымен;
- в) Заңсыз, себебі аталған құқық бұзушылықтар заңнаманы өрескел бұзу болып табылмайды;
- г) Заңсыз, себебі заңнаманы өрескел бұзу заңды тұлғаны мәжбүрлеп таратуға негіз болып табылмайды.

1.14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы оны ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін қандай іс-әрекеттер жасауға міндетті?

- а) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жасалған және оған қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осындай шешімнің көшірмесін уәкілетті органға жолдауға;
- б) Сақтандыру қоржынын берілетін сақтандыру кластары (түрлері) бойынша лицензиясы (лицензиялары) бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына) беруге;
- в) Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде тарату рәсіміне қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитетін құруға;
- г) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жауапкершілік көлемін, сақтандыру сыйақыларын ұлғайтуды көздейтін өзгерістерді қоса алғанда, қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына тиісті өзгерістер енгізуге.

1.15. Ұсынылғаннан сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларға қатысы ЖОҚ факторды таңдаңыз.

- а) Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін төмендету;
- б) Сақтандыру тобының залалды қызметі;
- в) Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін төмендету;
- г) Сақтандыру тобына қатысушылар арасындағы мәмілелер көлемінің артуы.

2-ТАПСЫРМА (15 БАЛЛ)

Бірнеше заңды тұлға екінші деңгейдегі банк құруға шешім қабылдады, осыған байланысты олар заңды тұлғаны тіркеді және біршама уақыттан кейін тиісті банктік лицензияларды алуға құжаттар тапсырды. Банкке екі жеке тұлға жүгінді: А азамат – 2 жыл мерзімге жылжымайтын мүлік кепілімен ипотекалық несиені алу мақсатында және Б азамат - ұлттық валютада сыйақыланатын депозит ашу мақсатында. Екеуі де тиісті шарттарға қол қойып, Банктің клиенттеріне айналды. 12 айдан кейін, А аз. банк алдындағы өз міндеттемесін ішінара орындады, осыған байланысты банкке кепілді ауыстыру туралы өтінішпен жүгінді, нәтижесінде банк кепілді ауыстыруды жүзеге асырды. Біршама уақыттан кейін, Б аз. банкті тарату туралы ақпарат алғаннан кейін банкке жасалған банктік салым шартына сәйкес банкте орналастырылған ақшаны алу мақсатында жүгінді. Банк Б аз. Банк оның ақшасын кезектілік тәртібімен, 1 күнтізбелік жыл ішінде төлей алатынын хабарлады.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

2.1. Уәкілетті органның банк ашуға рұқсаты қандай кезең бойы заңды күшінде болады?

- а) Уәкілетті орган банкке банк операциясын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін;
- б) Уәкілетті орган банкке банк операциясын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдағаннан кейін;
- в) Уәкілетті орган банкке банк операциясын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдаған уақытпен қатар;
- г) Уәкілетті органның банкке банк операциясын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдауына байланыссыз.

2.2. ҚР-дағы банктер үшін қандай ұйымдық-құқықтық нысан көзделген?

- а) Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- б) Акционерлік қоғам;
- в) Шаруашылық серіктестік;
- г) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2.3. Жаңадан құрылған Банктің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін оның құрылтайшылары қандай мерзімде толық төлеуі тиіс?

- а) Банкті мемлекеттік тіркеген сәттен бастап бір жылдан кешіктірілмейтін мерзімде;
- б) Банк мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде;
- в) Банкті мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде;
- г) Банкті ашуға рұқсат алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде.

2.4. Жаңадан құрылған банк банктік операцияларды жүргізуге лицензия алған күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде банктің жұмыс істеуі қандай банктік операцияны жүргізуге лицензия алудың шарты болып табылады?

- а) Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- б) Банктік қарыз операциялары;
- в) Заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- г) Шетел валютасымен айырбастау операциялары.

2.5. Қандай жағдайда банк орындалмаған міндеттеме сомасын жабатын өзге мүлікке несиенің қайтарылуын қамтамасыз ету үшін қарыз алушы – жеке тұлға берген кепіл нысанасын ауыстыруды қарауға міндетті?

- а) Егер орындалмаған міндеттемелер сомасы кепілмен қамтамасыз ету құнының он бес пайызынан кем болса;
- б) Егер орындалмаған міндеттемелер сомасы кепілмен қамтамасыз ету құнының он пайызынан кем болса;
- в) Егер орындалмаған міндеттемелер сомасы кепілмен қамтамасыз ету құнының бес пайызынан аз шаманы құраса;
- г) Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай міндет көзделмеген.

2.6. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылмайтын Екінші деңгейдегі банк (Ислам банкін қоспағанда) үшін қандай санкция қолданылады?

- а) Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензияны тоқтата тұру;
- б) Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиядан айыру;
- в) Барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айыру;
- г) Барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензияны тоқтата тұру.

2.7. Уәкілетті орган банктің аудиторлық тексеруін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымнан қандай ақпаратты талап етуге құқылы?

- а) Ақпаратты, сонымен бірге коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді, оның ішінде клиенттер тізбесі бойынша ақпаратты;
- б) Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, ақпаратты;
- в) Банк құпиясын құрайтын мәліметтерді қоса алғандағы ақпаратты;
- г) Уәкілетті орган аудиторлық ұйымнан ақпаратты талап етуге құқылы емес.

2.8. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді кім жүзеге асырады?

- а) Арнайы құрылған коммерциялық ұйым;
- б) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- в) Екінші деңгейдегі банк;
- г) Арнайы құрылған коммерциялық емес ұйым.

2.9. Банктің қаржылық жағдайы тұрақсыз банктер санатында болуы үшін қандай мерзім ең жоғары болып табылады?

- а) он екі айдан аспайтын мерзім және банктің қаржылық жағдайының жақсару фактілері болған жағдайда оны уәкілетті орган бір рет он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін;
- б) жиырма төрт айдан аспайтын мерзім және банктің қаржылық жағдайының жақсару фактілері болған жағдайда оны уәкілетті орган бір рет он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін;
- в) алты айдан аспайтын мерзім және банктің қаржылық жағдайының жақсару фактілері болған жағдайда оны уәкілетті орган бір рет алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін;
- г) он екі айдан аспайтын мерзім және банктің қаржылық жағдайының жақсару фактілері болған жағдайда оны уәкілетті орган бір рет алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

2.10. Банктерді (банк холдингтерін) ерікті қайта ұйымдастыруды (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру, айырбастау) кім жүзеге асыра алады?

- а) Уәкілетті орган;
- б) Уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің (қатысушылардың) Жалпы жиналысы;
- в) Уәкілетті органның рұқсатынсыз акционерлердің (қатысушылардың) Жалпы жиналысы;
- г) Банк Төрағасы.

2.11. Уақытша әкімшілік (банктің уақытша басқарушысы) консервациялау әрекетінің басталуымен және оның мерзіміне қандай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес?

- а) Қажет болған жағдайда консервациялау кезеңінде банктің депозиторлар мен өзге де кредиторлар алдындағы міндеттемелерін толық немесе ішінара тоқтата тұруға;
- б) Қажет болған жағдайда банк қаражатын салуды көздейтін банк жасасқан шарттарды бұзуға не оларға мөлшерлемелердің, тарифтердің және қолданылу мерзімдерінің өзгерістерін қоса алғанда, біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- в) Банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке немесе тұрақтандыру банкіне беру;
- г) Консервациялау процесіндегі банкке қойылатын талаптары талап ету құқығын басқаға беру шартынан (шарттарынан) туындайтын кредитормен өзара талаптарды есепке алуды жүргізу.

2.12. Банк қай органның шешімімен банкрот деп танылуы мүмкін?

- а) Тек қана соттың шешімімен;
- б) Кредиторлардың шешімімен;
- в) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен;
- г) Ұлттық банктің шешімімен.

2.13. ҚР қолданыстағы заңнамасымен банктің тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және банкті тарату кезеңінде тартылған өзге де қызметкерлерге төленетін ай сайынғы сыйақының мөлшері қандай деп белгіленген:

- а) Ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінен аспайды;
- б) Ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінен аспайды;
- в) ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленбеген;
- г) Ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.

2.14. Мәжбүрлеп таратылатын банк кредиторларының, оның ішінде оның банкроттығына байланысты қандай талаптары алғашқы кезекте қанағаттандырылады?

- а) Мәжбүрлі түрде таратылатын банк өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру, жалақыдан және (немесе) өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жолымен жауапты болатын жеке тұлғалардың талаптары;
- б) Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген депозиттер бойынша төленген (төленетін) өтем сомасы бойынша талаптары;
- в) мәжбүрлеп таратылып отырған банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылмайтын жеке тұлғалардың депозиттері және ақша аударымдары бойынша талаптар;
- г) «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының депозиттері бойынша зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптар.

2.15. Банктің өзіндегі барлық депозиттерді мүдделі тұлғаларға қайтаруын жүзеге асыру үшін банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруды, оңалту рәсімдерін жүргізудің міндетті шарты болып табылатын қандай да бір мерзімдер белгіленді ме, егер белгіленсе, қандай мерзімдер белгіленді?

- а) Иә, мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жыл ішінде;
- б) Депозиттерді мүдделі тұлғаларға қайтару мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және оңалту рәсімдерін жүргізу үшін міндетті шарт болып табылмайды;
- в) Жоқ, депозиттерді мүдделі тұлғаларға қайтару мерзімі ҚР заңнамасымен белгіленбеген;
- г) Иә, мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде.

3-ТАПСЫРМА (10 БАЛЛ)

Құрылыс салушы мен клиент арасында Бастапқы сатып алу-сату шарты жасалды, оған сәйкес Тараптар болашақта пәтерді сатып алу-сатудың негізгі шартын жасасуға міндеттенді. Бұл ретте клиент бастапқы шарттың талаптарына сәйкес пәтердің құнын 12 күнтізбелік айға бөліп төлеуге міндеттеме алды. Құрылыс салушы бастапқы шартта АҚШ долларының бағамы бойынша төлемдерді индексациялауды көздеді, мұнымен клиент Бастапқы шартқа қол қою кезінде келісті. Алайда, 6 айдан кейін клиент АҚШ доллары бағамының күрт өсуіне байланысты бастапқы шартта көзделген төлемдерді және соның салдарынан индексациялауды ескере отырып, Құрылыс салушыға тиесілі төлемдердің мөлшерін төлеуді тоқтатты. Құрылыс салушы клиентке төлемдерді кешіктіргені үшін бастапқы шартта көзделген берешек пен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етумен хабарлама жіберді. Біршама уақыттан кейін Құрылыс салушы Клиентке Бастапқы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберді. Хабарламамен бір мезгілде құрылыс салушы сот органдарына клиенттен тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арыз берді.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

3.1. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол беріле ме?

- а) ҚР заңнамасымен міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді;
- б) Заңнамада немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді;
- в) Заңнамада көзделген жағдайларда ғана жол беріледі;
- г) Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

3.2. Айыппұл туралы Келісім қандай нысанда жасалуы тиіс?

- а) Негізгі міндеттеме сияқты нысанда;
- б) Жазбаша нысанда;
- в) Ауызша нысанда;
- г) Жазбаша нысанда және нотариалды куәландырылған түрде.

3.3. Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған міндеттеме қандай мерзімде орындалуы тиіс?

- а) Несие берушінің бірінші талабы бойынша дереу түрде;
- б) Кредитор оны орындау туралы талап қойған күннен бастап бір ай мерзімде;
- в) Кредитор оны орындау туралы талап қойған күннен бастап жеті күнде;
- г) Кредитор оны орындау туралы талап қойған күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде.

3.4. Сот қандай мәмілені жарамсыз деп таниды?

- а) Қажетті рұқсатты алмай не рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жасалған;
- б) Психикалық ауру немесе ақылкемістігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адам жасаған;
- в) Іс-әрекетке қабілетті болса да, бірақ ол өзінің іс-әрекетінің мағынасын түсіне алмайтын немесе оларға басшылық жасай алмайтын күйде болған азамат жасаған;
- г) Он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адам өзінің заңды өкілдерінің келісімінсіз жасаған, заң бойынша өзі жасауға құқығы бар мәмілелерді санамағанда.

3.5. Тараптардың өзге келісімі болмаған кезде, борышкер жасаған ақшалай міндеттемені толық орындау үшін жеткіліксіз төлем сомасы ең алдымен нені өтейді?

- а) Ақшалай міндеттемені орындауды кешіктіргені үшін пайыздар;
- б) Кредитордың орындау бойынша шығындары;
- в) Қарыздың негізгі сомасы мен сыйақыны;

- г) Борышкерге берілген ақшалай қаражатты пайдаланғаны үшін төлем ретінде кредиторға тиесілі пайыздар.

3.6. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босата ма?

- а) Иә, Тараптар жауапкершіліктен толығымен босатылады;
 б) Тараптар Шартта көзделген жауаптылықтан босатылады;
 в) Жоқ, Тараптар жауапкершіліктен босатылмайды;
 г) Тараптар заңнамада көзделген жауапкершіліктен босатылады;

3.7. Қандай жағдайларда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұлғаның мүліктік жауапкершілігі ТУЫНДАМАЙДЫ?

- а) Міндеттемені тиісінше орындау үшін осы тұлғаға байланысты барлық шараларды қабылдағаны туралы дәлелдер болған кезде;
 б) Нарықта орындау үшін қажетті тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер болмаған кезде;
 в) Еңсерілмейтін күштің салдарынан тиісінше орындау мүмкін болмаған кезде;
 г) Заңнамада мұндай жағдайлар қарастырылмаған.

3.8. Индекстеу қандай міндеттемелерде қарастырылуы мүмкін?

- а) Ұзақмерзімді міндеттемелерде;
 б) Қысқамерзімді міндеттемелерде;
 в) Мерзімсіз міндеттемелерде;
 г) Міндеттемені орындау мерзімі маңызды емес.

3.9. Егер бастапқы шартта тараптар негізгі шарт жасасуға міндеттенетін мерзім көрсетілмесе, онда негізгі шарт қай мерзімде жасалады?

- а) Қисынды мерзімде;
 б) Бастапқы шарт жасалған сәттен бастап 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде;
 в) Сот тәртібімен белгіленген мерзімде;
 г) Бастапқы шарт жасалған сәттег бастап отыз күн ішінде.

3.10. Қандай жағдайларда Тараптардың бірінің талабы бойынша міндеттемені тоқтатуға жол беріледі:

- а) Заңнамада көзделген жағдайларда;
 б) Шартта немесе заңнамада көзделген жағдайларда;
 в) Шартта көзделген жағдайларда;
 г) Тараптардың бірінің талабы бойынша міндеттемені тоқтатуға жол берілмейді.

4-ТАПСЫРМА (60 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Талапкерге сот отырысында әлдебір нәрсені талап етуге мүмкіндік беретін жағдайлар қалай аталады?

- а) Талап арыздың мәні;
- б) Талап арыздың негіздемесі;
- в) Талап арызға қарсылық;
- г) Талап арызды жоққа шығару.

4.2. «Сенімді тұлға» мен «сенім білдіруші» қандай шарттың тараптары деп аталады?

- а) Мердігерлік шарттың;
- б) Сыйға тарту шартының;
- в) Сақтау шартының;
- г) Тапсыру шартының.

4.3. ҚР заңнамасында аудиторлық қызметтің қандай принциптері КӨРСЕТІЛМЕГЕН?

- а) Тәуелсіздік және объективтілік;
- б) Кәсіби құзыреттілік және құпиялылық;
- в) Адалдық және ұйымдардың стандарттарын сақтау;
- г) Форманың мазмұннан басымдығы.

4.4. ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» заңында «практикамен айналыспайтын сарапшы» деген субъект көрсетілген. Осы субъектіге қатысты қандай ереже заңнамаға сәйкес келеді?

- а) Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапасын бақылау комитетінің құрамына үш жылға дейінгі мерзімге кемінде екі практикамен айналыспайтын сарапшы кіреді;
- б) Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің біліктілік комиссиясының құрамына үш жылға дейінгі мерзімге кемінде екі практикамен айналыспайтын сарапшы кіреді;
- в) Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің тексеру комиссиясының құрамына үш жылға дейінгі мерзімге кемінде екі практикамен айналыспайтын сарапшы кіреді;
- г) Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес Басқармасының құрамына үш жылға дейінгі мерзімге кемінде екі практикамен айналыспайтын сарапшы кіреді.

4.5. Төмендегілердің қайсысы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудиторлық қызметтің негізгі принциптеріне ЖАТПАЙДЫ?

- а) Тәуелсіздік;
- б) Объективтілік;
- в) Адалдық;
- г) Теңқұқықтылық.

4.6. Құқықтық нормалардың санкциялары сипатына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

- а) Тікелей және жанама;
- б) Жағымды және жағымсыз;
- в) Тікелей және сілтеме;
- г) Позитивті және диспозитивті.

- 4.7. Уәкілетті органның өкілі Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес Басқармасының құрамына қандай тәсілмен енгізіледі?
- а) Бекіту;
 - б) Сайлау;
 - в) Келісу;
 - г) Табыстау.
- 4.8. Қазақ және орыс тілдерінде «аудитор» біліктілігін беру туралы шешім жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдарын кім белгілейді?
- а) Біліктілік комиссиясы;
 - б) Уәкілетті орган;
 - в) Кәсіби кеңестің Басқармасы;
 - г) Кәсіби аудиторлық ұйым.
- 4.9. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес уәкілетті органға және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қызмет туралы жылдық есептілікті қай мерзімде жібереді?
- а) Басқарма оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей;
 - б) Басқарма оны бекіткен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - в) Атқарушы орган оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей;
 - г) Тексеру комиссиясы оны бекіткен күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей.
- 4.10. Бір мезгілде орындалатын шарттардың қайсысы ЖШС-ға міндетті аудит бойынша аудиторлық қызмет туралы заңда белгіленбеген?
- а) Оның құрамында жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он пайызынан азын иеленетін қатысушылардың (құрылтайшылардың) болуы;
 - б) Қызметкерлердің орташа жылдық саны екі жүз елуден асады;
 - в) орташа жылдық табысы Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржылық жылдың 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш миллионнан астам еселенген болып келеді;
 - г) Оның құрамында Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын қатысушылардың (құрылтайшылардың) болуы.
- 4.11. ҚР-дағы банктердің қауымдастықтары (одақтары) қандай ұйым түрлері болып табылады?
- а) Коммерциялық емес серіктестіктер;
 - б) Өзін-өзі реттейтін ұйымдар;
 - в) Коммерциялық емес ұйымдар;
 - г) Коммерциялық емес консорциумдар.
- 4.12. Қандай жағдайда банкті ашуға берілген рұқсаттың күші жойылған болып САНАЛМАЙДЫ?
- а) Банк өз қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда;
 - б) Уәкілетті орган банк қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауға жағдайда;
 - в) банкті ашуға рұқсат берілген күннен бастап екі ай ішінде заңды тұлға Корпорацияда банк ретінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген жағдайда;
 - г) Банк ашуға рұқсат берілген күннен бастап бір жыл ішінде банктік немесе өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алмаған жағдайда.
- 4.13. Банк құрылу кезінде қай құжатта өз атауын белгілейді және оны одан әрі пайдаланады?

- а) Жарғыда көрсетілген;
- б) Құрылтай шартында көрсетілген;
- в) мемлекеттік тізілімде көрсетілген;
- г) лицензияда көрсетілген.

4.14. Көрсетілген қосымша белгілердің қайсысы банктің ірі қатысушысы болып табылатын тұлғаларға қатысты БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) Банктің шешімдеріне олардың арасындағы шартқа байланысты немесе өзге түрде бірлесіп әсер ететін;
- б) жеке немесе өзара бір-бірінің ірі кредиторлары болып табылатын;
- в) Олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа адамның өкілі болып табылады;
- г) Жақын туыстары немесе жұбайлары болып табылатын.

4.15. Сақтандыру қызметінде кім аджарстер болып табылады?

- а) Функцияларына сақтандыру төлемі бойынша өтінішті қарау және сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды бағалау кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері;
- б) Ең төмен міндетті оқу бағдарламасы бойынша емтихан тапсырған жеке тұлға;
- в) Сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының атынан өкілдік ететін заңды тұлға
- г) Уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

4.16. Аталған тұлғалардың қайсысы сақтандыру нарығына қатысушы БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) Бағалаушы;
- б) Андеррайтер;
- в) Актуарий;
- г) Көмекші.

4.17. Сақтандыру агентіне – делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға қандай талап заңнамада КӨЗДЕЛМЕГЕН?

- а) Кәмелетке жетуі;
- б) Сот тәртібімен танылған әрекетке қабілетсіздіктің не әрекетке қабілеттілігінің шектелуінің болмауы;
- в) жоғары білімінің болуы;
- г) Ең төменгі оқу бағдарламасы бойынша оқудан өту.

4.18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының құрамына кіретін басқа да заңды тұлғалардың қаржылық есептілігінің аудиторлық есебіне қол жеткізудің қандай деңгейі белгіленген?

- а) Жариялануы тиіс;
- б) Коммерциялық құпия болып табылады;
- в) Жария құжат болып табылады;
- г) Жабық қызметтік ақпарат болып табылады.

4.19. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын бас ұйым және оның еншілес ұйымдары ретінде сақтандыру тобына кіретін ұйымдардың аудитін кім жүзеге асырады?

- а) Әртүрлі аудиторлық ұйымдар;
- б) Бір ғана аудиторлық ұйым;
- в) Аудиторлық ұйымдардың консорциумы ғана;
- г) Тиісті лицензиясы бар аудиторлық ұйым.

4.20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз атауында қандай сөздерді қолдануына тыйым салынады?

- а) Орталық;
- б) Бюджеттік;
- в) Республикалық;
- г) Бірінші;

4.21. Шағын және микробизнеске қандай қызмет түрін жатқызуға болады?

- а) Аудиторлық қызмет;
- б) Күзет қызметі;
- в) Несиелік бюролардың қызметі;
- г) Адвокаттық қызмет.

4.22. Қандай принциптер Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының қызметіне жатпайды?

- а) Барлық кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі;
- б) Дербестілік;
- в) Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі;
- г) Мемлекет мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету.

4.23. Төменде келтірілгеннің қайсысы кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу міндеттеріне ЖАТПАЙДЫ?

- а) Адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау;
- б) Адал бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау;
- в) Өзін-өзі реттеуді дамытуға ықпал ету;
- г) Кәсіби ортаны дамыту.

4.24. «Реттеуші әсерді талдау» рәсімі нені білдіреді?

- а) Енгізілген құралдың пайдасы мен шығындарын салыстырудың аналитикалық рәсімі;
- б) Нақты саланы реттеудің мемлекеттік органдарының қызметі;
- в) Салаға және олардың арасындағы байланысқа қатысты сарапшылар тобының есебі;
- г) Халықаралық ұйымдар шығаратын арнайы есеп.

4.25. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес Басқармасының айрықша құзыретіне не ЖАТПАЙДЫ?

- а) Аудиторларға кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын келісу;
- б) Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізу тәртібін келісу;
- в) Кәсіби кеңестің сапасын сыртқы бақылау объектілері қызметінің сапасына жүргізілген сыртқы бақылаудың нәтижелерін келісу;
- г) Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасын келісу.

4.26. Аудиторлық ұйымдар лицензия алған сәттен бастап қандай мерзім ішінде кәсіби ұйымға кіруге міндетті?

- а) Бір айдың ішінде;
- б) Бір ай өткеннен кейін;
- в) Он жұмыс күнінен кешікпей;
- г) Күнгізбелік 15 күн ішінде.

4.27. Төмендегілерден қаржылық мониторинг субъектілеріне іскерлік қатынастарды қашықтан орнатуға тыйым салынбайтын жағдайды таңдаңыз.

- а) Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылады;
- б) Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі Еуропалық Одақтың қауіпсіздік жөніндегі Кеңесінің қарарларына сәйкес өздеріне қатысты халықаралық санкциялар қолданылатын белгіленген тұлға немесе ұйым болып табылады;
- в) Клиент тиісті тексерудің күшейтілген шараларын қолдануды талап ететін тәуекел деңгейі берілген тұлға болып табылады;
- г) Сақтандыру ұйымдары электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасқан жағдайда, олар бойынша сақтандыру сыйақысы және (немесе) сақтандыру төлемі банктік шоттар арқылы жүзеге асырылады.

4.28. Қандай жағдайда күдікті операциялар қаржылық бақылауға жататынын таңдаңыз.

- а) Барлық жағдайларда, оларды жүзеге асыру нысанына және олар жасалған не жасалуы мүмкін немесе жасалуы мүмкін болатын сомаға байланыссыз;
- б) Клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күрделі, әдеттен тыс ірі не айқын экономикалық мағынасы немесе көрінеу заңды мақсаты жоқ операцияны жасауы;
- в) Клиенттің операциялары қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес сипаттамаларға ие;
- г) Тиісінше тіркелуі, тұрғылықты жері немесе оффшорлық аймақта орналасқан жері бар жеке, заңды тұлғаның немесе шетелдік құрылымның заңды тұлғаны құрмай клиенттің банктік шотына ақшаны есепке жатқызуы немесе аударуы.

4.29. Қаржылық мониторинг мақсатында жақын туыстарының тізіміне кірмейтін ұсынылған туыстарының нұсқаларын таңдаңыз.

- а) Атасы, әжесі;
- б) Толық туыс емес аға-інілер мен әпке-қарындас (сіңлілер);
- в) Немерелер;
- г) Жақын туыстардың жұбайлары.

4.30. Қандай жағдайда қаржылық мониторинг субъектілері тиісті клиенттерге (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне қатысты осындай қаржылық мониторинг субъектілері кіретін қаржы тобының басқа қатысушылары қабылдаған клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөніндегі шараларға сүйене алады?

- а) қаржылық мониторинг субъектісі растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда, оның ішінде клиенттің бірінші басшысы бенефициарлық меншік иесі болып танылған кезде клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді алуға тиіс;
- б) қаржылық мониторинг субъектісі ақпарат өзге көздерден ұсынылатын жағдайларды қоспағанда, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда, клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді дереу алып отыруы тиіс;
- в) шетелдік қаржы ұйымына сүйенетін қаржылық мониторинг субъектісі мұндай шетелдік қаржы ұйымының қызметі ол негізгі операциялық қызметті жүргізетін мемлекетте лицензиялауға, реттеуге және қадағалауға жататынын анықтауы тиіс;

- г) шетелдік қаржы ұйымына сүйенетін қаржылық мониторингі субъектісі шетелдік қаржы ұйымы халықаралық заңнаманың талаптарына ұқсас клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдайтынын анықтауы тиіс.

4.31. Төменде көрсетілген нормативтік-құқықтық актілердің қайсысы ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасының бөлігі болып табылады?

- а) ҚР «Кәсіптік біліктілік туралы» заңы;
 б) ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңы;
 в) ҚР «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңы;
 г) ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы.

4.32. Төлемге қабілетті заңды тұлға таратылған жағдайда, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақы төлеу жөніндегі талаптар қандай кезекте қанағаттандырылады?

- а) Алғашқы кезекте;
 б) Екінші кезекте;
 в) Үшінші кезекте;
 г) Төртінші кезекте.

4.33. Егер шартта тиісті мерзім белгіленбесе, сатып алушы тауар үшін алдын ала төлемді қандай мерзімде жүзеге асыруы тиіс?

- а) Қисынды мерзімде;
 б) онкүндік мерзімде;
 в) жетікүндік мерзімде;
 г) жеткілікті мерзімде.

4.34. Қазақстан Республикасы құқығының қай саласы шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде келтірілген зиянды өтеуді реттейді?

- а) Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы;
 б) Әкімшілік құқық;
 в) Азаматтық құқық;
 г) Еңбек құқығы.

4.35. Бақылау және қадағалау органы бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) профилактикалық іс-шараны барып өткізу туралы қандай мерзімде хабардар етеді?

- а) Кемінде бес жұмыс күнінен кейін;
 б) Кемінде он жұмыс күнінен кейін;
 в) Кемінде күнтізбелік отыз күннен кейін;
 г) Күнтізбелік жиырма бес күннен ерте емес.

4.36. Есепті кезеңдегі (күнтізбелік жылдағы) қызметкерлердің орташа саны 50 адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы отыз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлға кәсіпкерлік субъектілерінің қай түріне жатады?

- а) микрокәсіпкерлік субъектісі;
 б) шағын кәсіпкерлік субъектісі;

- в) орта кәсіпкерлік субъектісі;
- г) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

4.37. Қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға табыстың қандай түрін алған кезде жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы?

- а) Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер;
- б) Мүліктік табыс;
- в) Жеке практикамен айналысудан түсетін кірістер;
- г) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынатын кірістер.

4.38. Қазақстан Республикасының салық салу, салықтар алымдар жүйесін белгілеуге қатысты тұжырымдардың қайсысы заңнамалық ережелерге сәйкес келеді?

- а) ҚР-дағы салық салу жүйесі, салықтар мен алымдар тек қана ҚР тиісті заңдарымен белгіленеді;
- б) ҚР-дағы салық салу жүйесі Конституцияға негізделеді, Салық кодексінен және Салық кодексінде қабылдануы көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады;
- в) ҚР-дағы салық салу жүйесі, салықтар мен алымдар Салық кодексінде, Кеден кодексінде және ҚР Үкіметінің қаулыларында белгіленеді;
- г) ҚР-дағы салық салу жүйесі, салықтар мен алымдар Конституциямен, заңдармен және заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілермен белгіленеді.

4.39. Мүліктік жалдау шартының келтірілген талаптарының қайсысы маңызды болып табылады?

- а) Мүлікті орнатуға мүмкіндік беретін деректер;
- б) Мүлікті нормативтік ақшалай бағалау;
- в) Төлемақыны төлеу мерзімі мен тәртібі;
- г) Размер арендной платы.

4.40. Жоғарыда аталған кәсіпорындардың қайсысы тек коммерциялық ұйым түрінде құрылады?

- а) Акционерлік қоғам;
- б) Тұтынушылық кооператив;
- в) Өндірістік кооператив;
- г) Жеке мекеме.

4.41. Ұйымдардың қай түрінің жарғылық қорға үлес қосқан және осы ұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын бір немесе одан да көп қатысушылары болады?

- а) Акционерлік қоғам;
- б) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- в) Коммандиттік серіктестік;
- г) Өндірістік кооператив.

4.42. Көрсетілгендердің біреуі ғана заңды тұлға болып табылатын жауап нұсқасын таңдаңыз.

- а) Қауымдастық және корпорация;
- б) Корпорация және консорциум;
- в) Қауымдастық және концерн;
- г) Концерн және корпорация.

- 4.43. Халықаралық шарттың күшіне енуінің қандай тәртібі заңнамалық норманың мазмұнына сәйкес келеді?
- а) ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарына қатысты басымдыққа ие;
 - б) Халықаралық шарттар олардың тараптары үшін кезекпен қол қойылған сәттен бастап міндетті болады;
 - в) Халықаралық шарттар осындай шарттарда көрсетілген сәттен бастап олардың тараптары үшін міндетті болады;
 - г) Халықаралық шарттардың күшіне ену сәті оның ҚР үшін міндеттілігіне келісім беру нысанымен байланысты.
- 4.44. ҚР-да жеке меншік объектісі не болуы мүмкін?
- а) Орман;
 - б) Су қоры;
 - в) Жер қойнаулары;
 - г) Жер.
- 4.45. Мемлекеттің авторлық құқықты қорғаудың ең ұзақ мерзімі қандай?
- а) Тіркелген сәттен бастап 25 жыл;
 - б) Автордың өмірі бойы;
 - в) Мерзімі жоқ;
 - г) 75 жыл.
- 4.46. Сақтанушы (автокөлік иесі) өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде оған төленетін сома қалай аталады?
- а) Сақтандыру сомасы;
 - б) Сақтандыру өтемі;
 - в) Франшиза;
 - г) Сақтандыру төлемі.
- 4.47. Жылжымайтын мүлікке нені жатқызуға БОЛМАЙДЫ?
- а) Әуе көлігі;
 - б) Су көлігі;
 - в) Құбырлық көлік;
 - г) Теміржол көлігі.
- 4.48. Уәкілетті орган құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап қандай мерзім ішінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру жөніндегі қызметті көрсетеді?
- а) 4 жұмыс күні;
 - б) күнтізбелік 4 күн;
 - в) 5 жұмыс күні;
 - г) күнтізбелік 10 күн.
- 4.49. Аудиторлыққа үміткерлерге өткізілген емтихандардың нәтижелері қандай мерзімде хабарланады?
- а) Жұмыстардың бағасы бекітілгеннен кейін 3 жұмыс күні өткен соң;
 - б) Жұмыстардың бағасы бекітілгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде;
 - в) Жұмыстардың бағасы бекітілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен ерте емес;
 - г) Жұмыстардың бағасы бекітілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кеш емес.

4.50. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес қызметі туралы жылдық есепті уәкілетті органға және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қай мерзімде жібереді?

- а) оны Басқарма бекіткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;
- б) оны ҚР ҚМ бекіткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;
- в) оны ҚР «Атамекен» ҰКП келіскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде;
- г) оған басқарма төрағасы қол қойған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

A series of horizontal lines for handwritten notes or calculations.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ